

Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз елім бар!

ПРЕЗИДЕНТ және ХАЛЬК

Газет 2005 жылдың
27-ші наурыз шыға бастады



Респубикалық қоғамдық-саяси газет

Республиканская общественно-политическая газета

АРҚАЛЫҚ — ШАЛҚАР КӨКЖИЕК



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына арнаган биылғы Жолдауында елімізде шағын қалаларды дамытуға мән берген еді. Елбасы жүктеген міндеттерге сәйкес, ел Үкіметі шағын қалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасын қабылдады. Оны таяуда Премьер-министр Кәрім Мәсімовтың төрағалығымен өткен жиналыста ҚР Сауда және индустрия министрі Бақытжан Сағынтаев таныстырды. Бағдарламаның мақсаты – орта және ұзақ мерзімді бағытта монокалалардың орнықты әлеуметтік экономикалық дамуын қамтамасыз ету. Бүгінде елімізде 27 монокала бар. Солардың бірі – Қостанай облысындағы Арқалық қаласы. Арқалық – сонау бір кезеңнің дүркіреген қаласы еді. Торғай облысының орталығы болып, қарыштап өскен еді.

Қызылқозы

Торғай жерінде қанатты қазынаның қалай табылғанын, оны зерттеуге кімдердің еңбек сініргенін, сұыр жортып, қаңбақ көшкен ел- жүртсіз шөл даланың апталап соғатын қысқы дүлей бораны мен сақылдаған сары аязына, жазғы ми қайнатар аптап ыстығы мен кеңезені кептірер аңызақ желіне, көктемгі немесе күзгі сағызша жабысқан бауырмал батпағы мен өкпеңнен өткен қара сұығына қажыр-қайратын қарсы қойып мекенжай салған, алғаш кен қазған кандай ержүрек батыр жандар. Қала тарихына көз жүгіртсек: Қызылқозы (1951 жылға дейін осылай аталған) – қазіргі Арқалық қаласы орналасқан жердің байырғы аты. Боксит кені табылар кезіндегі елді мекен атауы болатын. 1947 жылдан 1950 жылға дейін казактар Арқалық руднігінің ар жағындағы сайдың бетінде жартысы жерден қазылып, үстіне шым қаланған үйлерде тұрып келді. Оны жергілікті халық «Копай город» деп атаған. Қызылқозы жер атауының Арқалықпен алмасуы арасында қаншама батқан күн, атқан таң, шеккен бейнет, төгілген тер жатқанын бүгінгі үрпақтың білгені жөн. 1947 жылы үлкен маман-геолог Алексей Николаевич Волков басқарған шағын отряд самолетпен Қызылқозыға келді. Ал 1949 жылы шым үйлер салына бастады. Кішкентай отрядтың тиянақты да жемісті зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1950 жылы геологиялық партия ірі экспедицияға айналды.

Ал енді қаланың Арқалық аталуының не сыры бар? «Арқалық» терминінің топонимикалық мағынасы көп. «Арқалық» ұғымы – ұсақ жота, төбе дегенді білдіреді. Алғашқы құрылыш – болашаққа бетбұрыс. 1950 жылдың мамыр айының ортасынан бастап, ескі Арқалықтың орнына құрылыш салына бастады. 1951 жылы 30 тамызда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімі бойынша Арқалық жұмысшы поселкесі кеңесі құрылды. 1955 жылы қыркүйекте «Тургайалюминстрой» тресінің орны белгіленіп, қаланың алғашқы қазығын қақты.

1970 жылы Торғай облысы құрылды. Облыс орталығы – Арқалық қаласы болды.

1973 жылы Ақмола мемлекеттік жоспарлау институтының жобасы бойынша қаланы көгалдандыру, абаттандыру, демалыс орындарын белгілеп, қызу жұмыстар қолға алынған болатын. Жоба аясында мектептер, сауда орталықтары, ауруханалар, тұрғын үйлер, балабақшалар, саябақтар салынды. Педагогикалық институт, училищелер ашылды. Қала ортасындағы өзенге аспалы көпір жасалынып, қайықтар жүріп, мұражай, театр, әкімшілік ғимараттары бой көтерді. Ескерткіштер мен мүсіндер қойылды. Мөлтекаудандардың саны көбейді. Облысты Өзбекәлі Жәнібеков басқарған тұста гүлденіп, дамыды.

Торғайдың журегі

Өмір бір орнында тұрмайды, уақыттың өз заңы бар. 1988 жылы Торғай облысы жабылды. Қөптеген азаматтардың арқасында 1990 жылы қайтадан ашылды. Өкінішке қарай, қуаныш ұзағынан сүйіндірmedі, 1997 жылы біржолата жабылды. Амал нешік, 1997 жылғы экономиканы қайтадан жаңартып құру барысындағы өтпелі кезең мен нарық қыспағы жаңа тауқыметтер тудырды. Қаланың тыныс-тіршілігі бәсекесіп, әлеуметтік-экономикалық дағдарыска ұшырады. Экономиканың төмендеуі салдары халықты жұмыссыздыққа әкеліп соғып, елдің сыртқа көшүі етек алды. Осыған орай жылу жүйесінен тыс қалған көп қабатты үйлердің тұрғындарын орталықтан жылынатын үйлерге көшіру жұмыстары, яғни ықшамдау жүргізілді. Бір кездегі сәулетті қаланың 6 мөлтекаудандардың жартысы, 7, 9 мөлтекаудандары қаңырап бос қалды. Шаһын аудандардың аянышты жағдайын көргенде жүргегінді ауыртып, бауырыңды сыздатады.

Шаһар басынан қаншама қынышлықты, ауыр жағдайды өткерді. Бірақ еңсесін түсірмеген қала бұл қүнге де жетті. Қостанайдың қойнын панағанмен, өз алдына ерекше өлкे. Басынан бағы тайып, бақпен құт кеткені болмаса? Арқалық еңбектеген баладай, қаз-қаз нық қадам басып, өркендеуде. Өсу – кең мағыналы ұфым. Өсу – өмір, өсу – уақыт, өсу – толғауы тоқсан жылдар сілемі. Өткен іздің қаншама бедерлі, айқын болуына қарай өскенімізді, жеткенімізді танимыз. Даму заманы мен тоқырау уақытын келешекпен жалғастырып тұрған қуатты күш те сол – өткен із, өсу соқпақтары. Арқалық қаласын тұтас тірі организм түрінде бағаласақ, оның іргетасының қалануы, облыс орталығы болуы, абаттанып, гүлденуі, талпыну, серпілу жолдары көз алдымында тұrap еді. Иә, шаһар тынысын тілге тиек етіп отырған қаланың өсу жолының қеуделі белесінен тайып, облыс орталығы статусынан айырылуы, қазіргі кездегі жағдайы болмақ?!

Қаңырап, қирап қалған үйлер мен зәулім ғимараттар жыл сайын бір-екеуден күрделі жөндеуден өтіп, ел иғілігіне жұмсалуда. Жаңа студенттер жатақханасы, тұрғын үйлер салынып қалаға ажар беріп тұрғандай. Осыдан он бес жыл бұрын облыс орталығы болған қала қүннен-қүнге жақсаруда. Шолақ көрпедей жыртық, шұңқыр қөшелердің де жасалынып, қөшелерге жарық тартылып, тұнгі қалаға айналуы да жоспарланып, өз кезегін күтуде. Сол бір жылдары жылы ұяларын тастамаған, жарымжан қаланы құлдыратпай болашағына үлкен үмітпен қараған қаланың тұрғындары сабырлық пен бірліктерінің арқасында қаланы қөздің қараышындағай аялап, сақтап, бұл қүнге де жеткізді. Қала оңалып, егемен еліміздің дамуына өз үлесін қосуда. «Қазаны басқаның қайғысы басқа» дегендей, өзге облыстарға телміре қарап, енші сұрамай-ак, гүлденіп келеді.

Сенім мен үміт

Елбасының биылғы Жолдауы қала халқының ежелден күткен күні болатын. Жолдауда былай делінген: «1200 шақырымға созылатын Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбарқөл екі теміржол желілері құрылсынына кірісудің де маңызы үлкен. Бұл жобалар Жезқазған-Арқалық өңірінің дамуына қуатты серпін беретін болады». Теміржол желісі іске қосылса біріншіден қала тұйықтан шығады, екіншіден жоба орындауга кемінде мың адам жұмыспен қамтылады, ал нақты орындалғанда екі жұз адам тұрақты қызметкес тартылады. Тоғыз жолдың торабы болып, шағын қаладан алпауыт шаһарға айналудың да күні алыс емес. Қаланың өсу табиғаты ұлан-асыр қозғалысты, керуені кемедей тізілген көшті көзге елестетеді. «Көш жүре түзеледі» деп, етек түре, білек сыйбана қыруар шаруа істеу қажет. Ес жиып, экономикасы нығайып, әлеуметтік әлеуеті күшейген қала тәуелсіз

Қазақстанның дамуына да сүбелі үлес қосуда.

Арқалық қаласын ғарыш аймағы деп те атайды. Ол тегін емес. Торғай жерінде ғарышкерлерді ыстық ықыласпен қарсы алу әдетке айналған. Солардың ішінде дүниежүзінің бірнеше мемлекеттік өкілдері бар: индиялық Ракиш Шарма, сириялық Мұхаммед Ахмед Фарис, Чех Ремек Владимир, француз Жан Лу Кретьен, жапондық Тойехиро Анняма. Олардың бірі – Арқалық қаласының «Құрметті азаматы», тұңғыш қазақ ғарышкери Тоқтар Әубәкіровты біздің жерлестеріміз де қарсы алғанын мақтанышпен айтамыз.

Көкіректе тұнған сезім күмбірлейді: Қалаға да өткен ізді бір шолып, айналып соғып ала жүретін қасиеттерге иілетін кез туған тәрізді. Тағы да сол көкірек көзі айтады: көз алдында көлбендеңген көкжиектің ар жағын көру, табан астындағы бүгінді иек астындағы ертеңмен салыстыру – бұл да болашаққа деген сенім мен үміт. Қаланың тазалығына, табиғатына бейжай қарамай, гүлденуіне себепкер болайық! Жаңа жобадағы қаланың іргетасын бірге қалайық!

Арқалық – шалқар көкжиек. Яғни өркендеу үстіндегі шағын қаланың өрісі де кең, көкжиегі де ашық. Тіршілік орнығып, қаланың ертеңіне деген сәулесі оянды.

Жуырда Арқалық қаласының әкімі болып белгілі саясаттанушы Берік Әбдіғалиұлы тағайындалды. Тәжірибесі мол, білікті басшының келуімен Торғай өнірінде өркенді өзгерістер қолға алынады деп сенеміз.

Елдос Тоқтарбаев